

КӘМЕЛЕТТІК ЖАСҚА
ТОЛМАҒАНДАРМЕН
ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫ
ТЕРГЕУ

(ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС)

Орындаған: Садықов. Е

КІРІСПЕ:

1. КӘМЕЛЕТ ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРМЕН ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабына сәйкес адам, оның құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық ретінде жариялады. Мемлекеттің басты міндеті адамның құқықтары мен бостандықтарын тану болып табылады. Қазіргі уақытта біздің еліміздің азаматтары құқықтық тәртіп пен қауіпсіздіктің мәселелері толғандыратыны негізсіз емес. Бұл Қазақстан Республикасындағы болып жатқан түбегейлі өзгерістермен, қылмыстылықтың жағдайымен, оның сапалық өзгеруімен байланысты. Ұйымдасқан қылмыстылық, терроризм, сыбайлас-жемқорлық, есірткіқұмарлық еліміздің ішкі және сыртқы қауіптерінің кең ауқымын құрайтын нақты факторларға айналды. Елдегі криминогендік ахуалдың динамизмінің жалпы деңгейіне жасы кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың өсуі теріс ықпалын тигізуде. Сәйкесінше ішкі істер органдарының тәжірибелік қызметінде олардың алдында тұрған міндеттерін шешуде жасы кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстарды тергеу мәселелері зор мәнге ие болады. Ол келесі мән-жайлармен анықталады.

2. КӘМЕЛЕТ ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРМЕН ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Біріншіден, құқық қорғау саласында ағылып жатқан криминогендік ахуалға ықпал ететін процестердің маңыздылығын жоғары болғандығы соншалықты, жасы кәмелетке томағандармен жасалатын қылмыстарды тергеу мәселелерін шешуге жаңа түбегейлі көзқарастар қажет болды, ал бұл жалпы қылмыстылықпен күрес тиімділігін едәуір арттырады.



Екіншіден, жасы кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстарға қатысты мәселелер жеткілікті дәрежеде теориялық қарастырылған болып табылады. Сөйте тұра, жекелеген теориялық ережелердің жеткілікті қарастырылмағандығын, анық еместігін, ал кейде тіпті әртүрлі ұғымдарын түсіндіруде қарама-қайшылықтығын, жасы кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстарды тергеу мәселелерін құқықты реттеуде ақаулар мен коллизиялардың болуын атап өту қажет. Нақты мәселелерді білу, ең алдымен жасы кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстарды тергеу мәнін, оның заңдылықтарын білу алдын ала тергеу құрылымдарына міндеттері, қағидалары, құқықтық жағдайын ескере отырып қарастырылатын субъектілермен жасалатын қылмыстарды тергеуде қолда бар мүмкіндіктерді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

КІРІСПЕ

- Зерттеу тақырыбының өзектілігі;
- Тақырыптың зерттелу деңгейі;
- Ғылыми жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы;
- Диплом жұмысының мақсаты мен міндеттері;

Осы мақсаттардан келесідей міндеттер туындайды:

- - кәмелет жасқа толмағандармен жасалған қылмыстарды тергеудің тарихи даму аспектілерін жан-жақты талдау
- - кәмелет жасқа толмағандармен жасалған қылмыстарды тергеудің түсінігі мен мәнін анықтау;
- - кәмелет жасқа толмағандармен жасалған қылмыстарды тергеуді құқықтық реттеу мәселелеріне талдау жасау;
- - кәмелет жасқа толмағандармен жасалған қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын ашу;
- - қылмыстық іс қозғау және тергеуді жоспарлаудың ерекшеліктерін зерттеу;
- - кәмелет жасқа толмағандармен жасалған қылмыстарды тергеудің жеке мәселелерін қамтамасыз ететін тактикалық әдістерін зерттеу;
- - кәмелет жасқа толмағандармен жасалған қылмыстарды тергеу процесіндегі жекелеген тергеу әрекеттерін тиімділігін арттыруға ықпал ететін факторларына талдау жасау болып табылады.

- Зерттеудің объектісі;
- Диплом жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері;
- Зерттеудің әдістемелік негізі;
- Диплом жұмысының құрылымы.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жүргізілген дипломдық зерттеуді қорытындылай келе ұсынылып отырған жұмыс – бұл жасы кәмелетке толмағандарымен жасалатын қылмыстарды тергеудің негізгі ережелерін анықтауға, тергеу мен анықтау бөлімдерінің жұмысының тиімділігі арттыруды қамтамасыз ететін жаңарған әдістемелік және нормативтік – құқықтық базаны дайындау үшін терең ойлау мен күрделі ғылыми көзқарасты талап ететін теориялық, құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық мәселелердің кешенін анықтауға ұмтылыс болып табылады.

- Аталғандардың негізінде мұндай қылмыстарды тергеу мәнін анықтауға көзқарастарды негіздейтін бірқатар жалпы ережелерді қарастыру қажет. «Жасы кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстарды тергеу» термині келесі мағынаны білдіреді: кәмелет жасқа толмағанмен жүзеге асырылатын заңды бұзатын және қылмыстық жауаптылыққа жататын әрекеттерге тергеу жүргізу.



- Қиын жасөспірімдерді зерттеп, тәрбиелеуде барлық педагогикалық ұжым жағынан кешенді әдістер қолдану маңызды болып табылады. Тәрбиешілер, мұғалімдер, өндірістік оқытудың мамандары жасөспірімдерді өздері басқаратын қызмет формасы саласында зерттеу қажет, ол жерде олар өздерінің тәрбиеленушілерінің жағымды қасиеттері мен кемшіліктерін анықтай алады, анықтай отырып жасөспірімді үлкен нәтижемен қайта тәрбиелеу үшін бағдарламаларды сәтті жасай алады
- Қазіргі уақытта кәмелет жасқа толмаған тұлғалардың қылмыстылығын азайту үшін ең бастысы, жұмысбастылық пен кәсіби білім беру саласы, отбасы, мектептік тәрбие, жастардың демалысы мен спортын ұйымдастыру, құқыққорғау және оқу жүйелері жағынан профилактикалық бақылауды күшейту керек.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл. – Алматы, 2016.

- Буколов В.К. Уголовно-процессуальные особенности производства по делам несовершеннолетних в суде первой инстанции: автореф... канд. юрид. наук: 12.00.09. – М., 1982. – 21 с.
- Бегалиев К.А. Предупреждение безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних. – Алматы, 1980. – 264 с.
- Токторов Э.С. Особенности судебного рассмотрения уголовных дел несовершеннолетних в суде первой инстанции (по материалам Кыргызской Республики): дис... канд. юрид. наук: 12.00.09. – Алматы, 1997. – 216 с.
- Бегалиев К.А. Особенности судопроизводства по делам несовершеннолетних. – Алматы, 1991. – 137 с.
- Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот Практикасы туралы (ҚР Жоғарғы Сотының 11.07.03 ж. № 4 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістерімен) ҚР ЖС 11 сәуір 2002 жыл № 6 нормативтік қаулысы // Справочная правовая система «Юрист».
- Акбаров Н.Г. Состояние и тенденции преступности несовершеннолетних. Региональные проблемы борьбы и профилактики. – Казань: Издательство Казанского государственного университета, 1999. – 58 с.
- Дао Чи Ук. Борьба с преступностью несовершеннолетних в Социалистической Республике Вьетнам. – М.: Наука, 1986. – 142 с.
- Парнищев А.Ф. О характере групповых преступлений, совершаемых несовершеннолетними, и вопросы уголовной ответственности соучастников преступления // Преступление и ответственность. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1979. – С. 64-71.
- Синигибский И.А. Процессуальные и криминалистические особенности судебного разбирательства дел о преступлениях несовершеннолетних: дис... канд. юрид. наук: 12.00.09. – М., 2002. – 176 с.
- Хисматулин Р.С. Особенности судебного следствия по делам несовершеннолетних // Российская юстиция. – 1999. – №12. – С.173.
- Меркушов А.Е. Некоторые вопросы судебной практики по делам о преступлениях несовершеннолетних // Бюллетень Верховного суда Российской Федерации. – 2000. – №6. – С. 67.
- Сафин Н.Ш. Допрос несовершеннолетнего подозреваемого в советском уголовном судопроизводстве: процессуальные и криминалистические аспекты. – Казань, 1990. – 76 с.
- Баев О.Я. Тактика следственных действий: Учебное пособие. – Воронеж: НПО «МОДЭК», 1995. – 224 с.
- Колесниченко А.Н., Коновалова В.Е. Криминалистическая характеристика преступлений: Учебное пособие. – Харьков: Харьковский юрид.ин-т, 1985. – 93 с.
- Еркенов С.Е., Сұлтанов С.И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. – Алматы: Дәнекер. 2002. – 227 б.
- Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: проблемы теории и практики. – Алматы: Аркаим, 2002. – 316 с.
- Тілеубергенов Е.М. Криминалистикалық сараптамаларда шешілетін сұрақтар. Оқу құралы. - Алматы, 2003. – 186 б.
- Криминалистика: Оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2006. – 520 б.

Назарларыңызға рахмет!!!

